

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
Университеті

Кафедра: Денсаулық сақтау саясаты және басқару

Тақырыбы: Заманауи фармакотерапиядағы дәлелді
медицинаның рөлі. Мәселелік дәрілерге түсінік.

Алматы 2015

Бүгінде бүкіл әлемде 10-мыңдаған дәрілер сатылуда. Солардың көпшілігінің әсері жоқ немесе босқа ақша шығындау болып табылады. Бұл дәрілермен емдеу тиімсіз, қауіпті, емдеу сапасы төмен. Қазіргі таңда осы мәселені шешу фармакологтардың негізгі мақсаты болып отыр. Олар мәселені қарастыруда өз үлесін қосуда. ДМ-ның қағидаларын денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізудегі негізгі мақсат - бұл медициналық көмек көрсету сапасын қатерсіз, тиімді, құндылығы мен басқа да мағыналы жақтарынан жақсарту. Фармакологтар ДМ-ны негізге ала отырып, әртүрлі мәселелерді тиімді шешуде қолданады.

Фармакотерапия - (. Ежелгі грек Φάρμακον - дәрі-дәрмек және терапия), дәрілік заттармен немесе фармакологиялық агенттермен емдеу және оны симптомды терапия немесе этиотропты деп атайды.

Фармакотерапия –патогенетика. Себебі, дәрілік құрамды ағзаға қолданғанда аурудың дамуына әсерін тигізуі мүмкін.

Жоғарғы тиімді көптеген препараттардың алынуы нәтижесінде фармакотерапия көптеген ауруларды емдеудің жан-жақы әдісі. Практикалық медицинада фармакотерапияның зор маңыз алуына байланысты фармакология жөнінде білімі болуы әртүрлі мамандықтағы дәрігерлерге өте қажет.

- ❖ Фармакотерапиялық заттар адам ағзасына кері әсер етуі мүмкін, яғни жанама әсер тудырады. Қазіргі фармакотерапия химиотерапевті және гармондық препараттарды, психотропты, эффективті дәрілерді дәрігерге аурудың өршіп кеткен жағдайында қолдануға мүмкіншілік береді.

Фармакотерапияның түрлері:

- ❖ Себеп-салдарды емдеу
- ❖ Патогенетикалық терапия
- ❖ Симптоматикалық терапия
- ❖ Алмастыру терапиясы
- ❖ Алдын алу терапиясы

Себеп-салдарлық емдеу (ежелгі грек Αἰτία - Себебі мен τρόπος - бағыт) - фармакотерапияның тамаша түрі. Фармакотерапияның бұл түрі аурудың себептерін анықтауға бағытталған. Себеп – салдарлық терапияның мысалына жұқпалы ауруларды микробқа қарсы агенттермен емдеуді (стрептококты пневмония кезіндегі бензилпенициллин), улы заттармен уланған науқастарды антидотпен емдеуді жатқызады.

Патогенетикалық терапия - аурудың тетіктерін жою немесе жолын кесуге бағытталған. Қазіргі уақытта пайдаланылатын дәрілік заттардың көпшілігі патогенетикалық фармакотерапия тобына жатады. Антигипотензивті заттар, жүрек гликозидтері, аритмияға қарсы, қабынуға қарсы, және басқа да көптеген психотроптық препараттар аурудың даму сатысында терапиялық әсер етеді.

Симптоматикалық терапия - аурудың белгілі бір көріністерін жою немесе шектеуге бағытталған. Симптоматикалық дәрілерге аурудың себебіне немесе даму тетігіне әсер етпейтін ауру сезімін басатын дәрілер жатады. Antitussives – жөтелге қарсы дәрі, бұл да осы топтың жақсы мысалы.

Гликазид- жүрек жетіспеушілігінде,
Нитроглицирин -стенокардияда,
адреналин-бронх демікпесінде.
Осы қолданыстағы дәрілердің
фармакотерапиялық мәні -*симптомды
терапия*



Ауыстыру терапиясы - табиғи қоректік заттардың шектеулілігі кезінде қолданылады. Ауыстыру терапиясының құрамындағы заттарға ферментті препараттар (панкреатин, ranzinorm және т.б.), гормондық препараттар (қант диабеті кезінде инсулин, микседеме кезінде thyroidin), витаминдер кіреді. Ауыстыру терапиясы аурудың себептерін жоюды, көптеген жылдар бойы ағзаның қалыпты болуын қамтамасыз ете алады .

Мәселелік дәрі-дәрмек

Мәселелік дәрілер дегеніміз- медициналық мақсатта қолдана отырып, кері әсерін тигізетін дәрілер. Әрбір дәрілер өзіне тән химиялық қосылыстан тұрады, химиялық заттар ағзаға қауыпті әсер төндіруі мүмкін.

Нарыққа шығарылатын дәрілердің қауіпсіздігі

Нарыққа шығатын кейбір дәрілер сапалы емес фармацевтикалық компанияларда өндірілгендіктен, көптеген мәселелер тудыруда. Бұл қашып құтыла алмайтын фармацевтиканың құрылысы мен нәтижесі. Дәрілердің мәселесі фармакологиялық қауіптілігі емес, оның тағайындау, пайдалану тәртібіне байланысты.

Сапалы дәрілер әсері

Сапасы өте күшті тексерістен өткен дәрінің өзі дұрыс емес қолмен, дұрыс емес уақытта, дұрыс емес жерде дәрілерді қолдану өмірді құтқару кезінде оң әсердің орнына қауіп төндіруі мүмкін.

Сапасы төмен дәрілер

Кейбір жағдайларда сапасы төмен дәрілер бір науқасқа ғана емес дүние жүзіндегі адамдарға қауіп төндіреді. Бұған мысал: дұрыс қолданылмаған антибиотиктерге вирустадың төзімділігі жоғары болады. Содан олардың ағзада ауруға қарсы әсері жүрмейді.

Дотс - туберкулезбен күресте жаңа ұғым. Бүгінде алғашқы туберкулезге қарсы препараттар ашылғаннан кейін бүкіл әлемді жайлап алған туберкулез эпидемиясының даму процесін тоқтатуға мүмкіндік туды. Бұл қадам дотс арқылы ғана мүмкін болды. Осыған байланысты 50 млн-ға жуық туберкулезбен ауырғандардың өлімін тоқтату мүмкін болып отыр.

Бізге алғаш рет бай және кедей елдерде туберкулезді жеңуге қол ұшы беріліп отыр. Бұл емдеу тәсілі ДДСҰ бойынша ұсынылып отыр. Дотс стратегиясы өте жақсы нәтиже береді. Дотс-пен салыстырғанда басқа бірде бір туберкулезбен күресу бағдарламасы осындай нәтижелі және қол жетімді болмай отыр. Осы бағдарламаның жетістіктерін ескере отырып, көптеген елдер оны жүзеге асыруда. Дотс туберкулезбен күресуде жалғыз бағдарлама, себебі ол үнемі 85% аурулардың сауығуын қамтамасыз етіп отыр.

Емі: емдеу курсы оң нәтиже мен науқастардың айығуына қол жетімді болу үшін мамандардың бақылауымен амбулаториялық тәсіл арқылы жүргізіледі. Емнің оң нәтижесіне жетуге науқас емес, денсаулық сақтау жүйесі жауап береді. Науқастардың көпшілігі бірнеше апта ем қабылдағаннан кейін өздерін жақсы сезінгендей болып, дәрі ішуді тоқтатады. Бірақ туберкулез микобактериясын толық өлтіру үшін бірнеше айлар қажет. Дотс қызметкерлері туберкулезбен ауырғандардың толық емін алуын, ауру жолын бақылап жүруі тиіс.

Вакциноterapia-бұл инфекциялық аурулармен ауыратын науқастарды емдеу тәсілі. Вакциналар антидене, фагоцитоз өнімдерін күшейтіп, ағзаның бейспецификалық реактивтілігінің көрсеткішін тез өсіреді. Вакциноterapia бруцеллез (көктамырға, тері асты, тері ішілік, бұлшықетке), дизентерия (тері асты), іш сүзегі, стафилакокктық және стрептококктық инфекцияларда қолданылады.

Вакциноterapiaны енгізгенде жергілікті, жалпы және ошақтық реакциялар пайда болуы мүмкін. Ең тұрақты емесі жергілікті реакция (қызамық). Көбінесе жалпы реакция (дене қызуының жоғарылауы, бұлшық ет пен сүйектің ауруы, әлсіздік, бас ауруы) пайда болады. Вакциноterapia дәрігердің бақылауымен өтеді. Қарсы көрсетілімдері: жүрек қан -жүйесі ауруы, бауыр және бүйрек ауруы.

Антибиотикотерапия-

микроорганизмдермен шақырылған инфекциялық аурумен ауыратындарды емдеу. Клиникалық фармакологияға қарағанда антибиотикотерапия 3 емдеу компонентімен тығыз байланысты: микроорганизм, дәрілік заттар, макроорганизм.

Антибиотиктер – бұл микроорганизмдерді таңдамалы зақымданатын немесе жоятын әсер көрсететін, табиғаты биологиялық, химиялық қосылыс болып табылады.

Медицина практикасында қолданылатын антибиотиктер актиномециттермен, зең саңырауқұлақтармен өндіріледі.

Антибиотиктер микробқа қарсы спектрі бойынша ерекшеленеді.

Туберкулезді медициналық препараттармен емдеу кешенінде химиотерапиялық заттар негізгі орын алады. Туберкулезге қарсы заттар әсер негізінен бактериостатикалық әсер көрсетеді. Препараттардың туберкулезге қарсы әсер механизмі толық зерттелмеген. Туберкулез химиотерапиясының ұзаққа созылатынын ескергенде дәріге тұрақтылық дамиды.

Маркетингтік клиникалық сынақтарда дәрілік заттардың әсерін байқау мүмкін болмағандықтан, дәрі сатылымға шыққан соң, барлық өндіруші – фирмалар маркетингтен кейінгі бақылау жүргізу керек. Бақылау нәтижесі белгіленген уақыт ішінде регламенттеуші ұйымдарға жіберілуі тиіс.

**Барлық заттар – улы. Дұрыс доза - дәрінің
удан айырмашылығын көрсетеді**

Қандай да болмасын дәрілік заттарды қолданғанда белгілі бір ережелерді сақтау қажет.

Әлемде 50% - ға жуық дәрілік заттар рецепсіз босатылады. Науқастардың жартысынан көбі дұрыс емес жолмен қабылдайды. Ал халықтың үшінші бөлігі қажетті медицинаменттерге қол жеткізе алмайды.

Дұрыс қолданылған дәрілік заттар – дерттен айығудың басты кілті

ДДСҰ-ның ұйғарымы бойынша, дәрілік заттарды дұрыс қолдану дегеніміз – дәрілік заттарды клиникалық қажеттілік негізінде, мөлшерімен, тұлғаның ерекшеліктеріне сай, белгілі бір уақыт аралығында өзіне және қоғамға аз шығын келтіретіндей ретте қолдану.

Дәрілік заттарды дұрыс емес пайдаланудың кең тараған түрлері:

- Науқасқа бір мезгілде бірнеше препарат тағайындау
- Бактерияға қарсы препараттарды дұрыс қолданбау
- Инъекцияны шектен тыс пайдалану
- Дәрілік заттарды дәрігер нұсқауынсыз пайдалану

ДМ-ны фармакотерапияда қолданудың маңызы:

-фармакотерапияның барлық саласында нақты мәліметтерді қолдануға мүмкіншілік туғызады.

-дәрігердің шешім қабылдауында негізделетін ішкі сезімі ,кәсіптік дәрежесі,беделді сарапшылар пікірі,кеңінен тараған деректемелер мен анықтамалар сияқты субъективті жағдайлар әсерін жаңа және нақты дәлелденген мәліметтер қолдану арқылы азайту.

Қорытынды:

Клиникалық зерттеуде, яғни науқастарды емдеуде сапалы, жақсы нәтиже алу үшін дәлелді медицина қолдану қажет. Дәлелді медицина ішінде фармакотерапияның алатын орны маңызды болуына байланысты, фармакология жөнінде білім алу бізге және басқа да маман иелеріне өте қажет.

Назарларыңызға

а

рахмет!